Дата изготовления указана на паспортной идентификационной табличке, находящейся на задней стенке изделия.

polaris
since 1995
IQ Home

РОБОТ-МОЙЩИК ОКОН



МАЗМҰНЫ

Жалпы ақпарат	31
Аспаптың қауіпсіздігі бойынша жалпы нұсқаулар	31
Осы аспаптың қауіпсіздігі бойынша арнайы нұсқаулар	33
Пайдалану саласы	34
Жиынтықтама	34
Аспап сипаттамасы	35
Робот-жуғыштың индикаторлары	36
Құралдың қаптамасын ашу және пайдалануға дайындау	38
Желіге қосу	38
Сақтандыру сымарқанын бекіту	38
Ылғал тазалауға дайындық	39
Ылғал тазалауға бетті дайындау	41
Жұмыстың басталуы	41
Пайдалану	45
Резервтік АКБ, қоректің істен шығуы	46
Жұмыстың аяқталуы	46
WiFi желісіне қосылуды баптау	47
WiFi қосылысына қатысты мәселелерді және оларды шешу жолдарын сипаттау	51
Тазалау және күтім	52
Ақаулықтарды табу және жою	54
Кәдеге жарату жөніндегі талаптар / Техникалық сипаттамалары	56
Сақтау / Тасымалдау / Өткізу	56
Сертификаттау туралы ақпарат	57
Кепілдік міндеттемелері	57

Кепілдік міндеттемелер

POLARIS сауда маркасымен шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біздің өнімдеріміз сапаның, функционалдың және дизайнның жоғары талаптарына сәйкес әзірленген. Сіз біздің фирманың жаңа өнімін сатып алып, риза болатыныңызға сенімдіміз.

Аспапты пайдалануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпараттар, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар берілген.

Нұсқаулықты кепілдік талонымен, касса чегімен, мүмкіндігінше картон қораппен және қаптама материалымен бірге сақтаңыз.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық **PRWC 3004 WIFI IQ Home POLARIS** тұрмыстық робот-терезе жуғыштың (бұдан әрі - робот, жуғыш, аспап) техникалық деректерімен, құрылғысымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

Қазақша

аудармасы:ҚАУІПСІЗДІК

БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану "Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне" сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек тұрмыста пайдалануға арналған.
- Пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны сақтап қойыңыз.
- Аспапты тек мақсаты бойынша пайдалану керек.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдардың (балаларды қоса алғанда), мұндай адамдарды қадағалау немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құрылғыны пайдалануына қатысты нұсқаулық жүргізу жағдайларын қоспағанда, пайдалануына арналмаған. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында оларды қадағалау қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты ванналардың, шұңғылшалардың немесе су толтырылған басқа да ыдыстардың жанында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Аспапты қосар алдында, оны қарап тексеріңіз. Құрылғы мен аксессуарларда көрінетін зақымданулар болса, мәселені шешкенге дейін оны пайдаланбаңыз.

- Роботты қоректендіру және аккумуляторды (АКБ) зарядтау үшін, тек осы модельдегі робот-жуғыш жиынтығына кіретін қосу баусымы мен қорек блогын пайдаланыңыз. Баусым мен қорек блогын басқа мақсатта пайдаланбаңыз.
- Бұл аспапты тек терезелер мен жақтаулардағы әйнектерді тазалау үшін пайдалануға болады. Аспап терезелер мен терезелерді жақтаусыз тазалауға жарамайды, өйткені тазалау кезінде роботтың құлап кету қаупі бар.
- Қорек баусымы зақымдалған жағдайда, аспапты ешқашан розеткаға қоспаңыз. Баусым мен қорек блогын ауыстыру (жөндеу) қажет болған жағдайда, авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз. Қорек блогын бөлшектемеңіз!
- Аспапты тазалау және қызмет көрсету алдында, электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін, қорек блогын желіден ажырату және қорек баусымын аспаптан ажырату қажет.
- Резервтік аккумулятордың зарядталуын қамтамасыз ету үшін, қорек баусымын роботқа қосыңыз және қорек блогы сымының айырын розеткаға салыңыз. Аспапты желіге қосылған күйде қараусыз қалдырмаңыз. Зарядтау аяқталғаннан кейін, егер оны пайдаланғыңыз келмесе, аспапты желіден ажыратыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! қорек ағытпасының түйіспелерін металл заттармен өзара тұйықтауға қатаң тыйым салынады!

- Жуғышты ылғалды немесе зақымдалған тегіс емес беттерде пайдаланбаңыз.
- Аспапты жаңбырлы ауа райында және жоғары ылғалдылықта пайдаланбаңыз.
- Қорек блогы баусымының айырын тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосу алдында қорек блогының желіде қолданылатын кернеуге есептелгеніне көз жеткізіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Аспапты орнату кезінде, оның құлап кетпеуі үшін, оның бетке мықтап бекітілгеніне және сақтандыру арқанының үзілмегеніне көз жеткізбейінше, аспапты босатпаңыз. Жиынтық сақтандыру сымарқанының бір ұшы аспапқа, ал екінші ұшы карабиннің көмегімен үй-жайдағы тұрақты қатты бекітілген затқа қосылуы тиіс.

- Жинақталмаған сымарқандарды, стандартты емес қуат көздерін немесе қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.

- Аспапты үй-жайдан тыс жерде пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштардан, ылғалдан сақтаңыз (аспапты ешбір жағдайда суға батырмаңыз).
- Қорек баусымының айырын желіге ылғал қолмен қоспаңыз (оған ылғал қол тигізбеңіз).
- Егер аспап пайдаланылмаса, оны желіге қосылған күйде қалдырмаңыз.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аспапты, қорек баусымынан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ қуат баусымынан ұстап, аспапты желіден ажыратуға тыйым салынады. Қорек блогының бауын желіден ажыратқан кезде, ток өткізгіш қадаларға тигізбей, қорек баусымы айырының корпусынан ұстаңыз.
- Аспапты және жиынтыққа кіретін аксессуарларды өз бетіңізше жөндемеңіз. Біліктілігі жоқ жөндеу жұмыстары пайдаланушыға тікелей қауіп төндіреді. Жөндеу, тексеру және реттеуді тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары жүргізуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Кез келген қателесіп қосу сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.




Кез келген сипаттағы ақаулар туындаған жағдайда, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына немесе Polaris ресми сатушысына хабарласыңыз.



Жаңбырлы ауа райында және жоғары ылғалдылықта қолданбаңыз



Қауіпсіздік техникасын сақтаңыз!



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Төмен температурада пайдаланбаңыз



Аспапты қараусыз қалдырмаңыз!

ОСЫ АСПАПТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР


- Жұмысты бастау алдында, сақтандыру сымарқанын міндетті түрде бекітіп, оны бөлме ішіндегі тұрақты затқа мықтап байлаңыз. Сақтандыру сымарқанының зақымдануын тексеріңіз.
- Тазалауды бастау алдында, кіріктірілген резервтік аккумуляторды толық зарядтаңыз (сол жақ индикатор жасыл болып жануы керек).
- Ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу алдында, резервуардағы судың жеткілікті мөлшерде екеніне көз жеткізіңіз. Резервуардың қақпағы робот-жуғыш корпусының төменгі бөлігінде, әйнекке қараған жағында орналасады.
- Резервуарды толтыру үшін тек таза минералсыздандырылған суды пайдаланыңыз, судағы кез келген қоспаларға және жуғыш заттарға тыйым салынады. Резервуар тек аспап жиынтығындағы өлшеуіш ыдыстың көмегімен толтырылады, аспапқа басқа әдістермен су құймаңыз. Су құйылғаннан кейін қақпағын жақсылап жабыңыз.
- Роботты тазалау үшін химиялық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғыштың қорек ажыратқышына қорек блогынан қорек баусымын қосыңыз, оны бекіту гайкасын соңына дейін бұрап бекітіңіз. Қажет болған жағдайда, жиынтықтағы баусым ұзартқышын орнатыңыз. Қорек блогының баусымының айырын розеткаға салыңыз. Блоктағы көк индикатордың жануы блоктың қосылғанын білдіреді. Аспаптың сол жағындағы жасыл индикатор да батарея толық зарядталған кезде жанады.
- Роботты тұтқасынан ұстап, шыны бетіне жақтаудың шетінен шамамен 10 см қашықтықта орнатыңыз.
- Роботты қосу үшін қосу/өшіру түймесін 1 секундтан астам ұстап тұрыңыз.
- Роботты босатудан бұрын, вакуумдық қозғалтқыштың жұмыс істеп тұрғанына және құрылғының шыныға тығыз қысылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер вакуум деңгейі жеткілікті болса, оң жақ индикатор суды автоматты түрде бұрку функциясы қосылған болса, баяу көк түсте жыпылықтайды және бұл функция өшірілген болса, үнелі жанып тұрады. Оң (көк) және ортаңғы (ақ) индикаторлар дыбыстық сигналмен вакуум күші жеткіліксіз болғанда, мысалы, егер робот қосылған, бірақ әйнектен алынған болса, жыпылықтайды.
- Жұмысты аяқтау үшін роботты тұтқасынан ұстап тұрыңыз. Роботты сөндіру үшін қосу/өшіру түймесін 1 секундтан астам ұстап тұрыңыз. Содан кейін роботты беткі қабаттан абайлап алыңыз.
- Тек өндіруші ұсынған аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Аспаптың ауа кіретін және шығатын тесіктерін жаппаңыз.

- Жұмыс істеп тұрған аспапты корпусының шеттеріне және бүйір бөліктеріне орнатуға тыйым салынады.
- Бұл аспап тегіс беттерді, тереңдетілген тегіссіздіктер мен шыны, кафель және керамикалық жабын элементтері арасындағы толтырылмаған жіктерді тазалауға қолайлы. Аспапты тегіс емес беттерде, сондай-ақ онда кедергілер болған кезде пайдалануға болмайды.
- Аспап тек түпнұсқа кіріктірілген АКБ және жиынтықта жеткізілетін зарядтау құрылғысымен/қорек блогымен жұмыс істеуге арналған. Қоректендіру және зарядтау үшін бөгде құрылғыларды пайдалану құрылғының зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.
- Аспапты пайдаланудан бұрын, терезеден немесе басқа да беттен роботтың қозғалысына кедергі келтіретін барлық заттарды, жапсырмаларды, морт және сынғыш заттарды, мысалы, көшедегі градус өлшегішті алып тастаңыз.
- Егер аспап пайдаланылмаса, сондай-ақ аспапты тазалау және қызмет көрсету алдында қуат көзін өшіріңіз.
- Аспапты әр пайдаланғаннан кейін тазалап тұрыңыз.
- Роботты су ағынының астында жумаңыз, дымқыл шүберекпен сүртімеңіз және дымқыл беттерде пайдаланбаңыз.
- Батареяларды кәдеге жарату жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өртің алдын алу үшін қашықтан басқару пультінің сілтілі қуат элементтерін зарядтамаңыз және бөлшектемеңіз, оларды отқа тастамаңыз.
- ӨНІМ ҚАТТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БОЛСА ДА, ОНЫ ЖАҒУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, АККУМУЛЯТОРДЫҢ ЖАНУЫ ЖАРЫЛЫСҚА АКЕЛУІ МҮМКІН.**



НАЗАРЫҢЫЗДЫ АУДАРАМЫЗ!

Егер терезе жуғыш жұмыс істеген кезде, тиісті түрде бекітілген сақтандыру баусымы пайдаланылмаса, онда терезе жуғыш әйнек жазықтығынан құлаған кезде, құлау салдарынан пайда болған зақымданулар Дайындаушының кепілдігімен қамтылмайды. Дайындаушы мұндай жағдайларда құлау кезінде зақымдалған бұйымның корпусық және сәндік элементтерін қалпына келтіру мүмкін еместігі үшін жауапкершілікті өзінен алып тастайды.



ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспапты осы нұсқаулыққа сәйкес тек тұрмыстық мақсатта пайдалануға арналған. Робот-терезе жуғыш тұрмыстық үй-жайларда терезе жақтауларындағы әйнектерді немесе жақтаумен шектелген, ойықтары жоқ, кафель не керамика жабындарының элементтері арасындағы толтырылмаған тігістері жоқ қатты, тегіс, тік беттерді құрғақ және дымқыл тәсілмен тазалауға арналған. Тазалау алмалы-салмалы сулықтармен (микрофибралармен), оларды суландыру мүмкіндігімен, сұрту арқылы жүзеге асырылады.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Аспап үй-жайдан тыс және ауа температурасы +15°C-тан төмен және ылғалдылығы жоғары жылытылмайтын үй-жайларда пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші дұрыс емес немесе осы нұсқаулықта көзделмеген пайдалану салдарынан туындаған залал үшін жауапты болмайды.

ЖИЫНТЫҚТАМА

Робот-терезе жуғыш құрастырулы	1 дана
Сақтандыру сымарқаны (орнатылған)	1 дана
Резервтік АКБ (аккумулятор батареясы (құрылғыға кіріктірілген)	1 дана
Қорек блогы	1 дана
Қорек баусымы	1 дана
Қорек баусымын ұзартқыш	
1 дана	
Тазартқыш майлық	8 дана
Резервуарды толтыруға арналған 100 мл құты	1 дана
Қашықтықтан басқару пульті	1 дана
Пультті қоректендіруге арналған РВ AAA сілтілі қоректендіру элементі	2 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Кепілдік талоны	1 дана

✓ ҮЙ-ЖАЙДА



Жақтаулы терезелер

✗ ҮЙ-ЖАЙДАН ТЫС



Робот-жуғыш



Тазартқыш майлық



Адаптер+кабель



Сақтандыру сымарқаны



Құты-дозатор су құюға арналған



ҚБ пульті



Пайдаланушы нұсқаулығы



Ескертпе. Суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсатында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы түрінен ерекшеленуі мүмкін. Бұйым конструкциясы мен техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



АСПАП СИПАТТАМАСЫ

Робот-терезе жуғыш — бұл терезелерді тазалауға арналған автоматты құрылғы, ол рамкалармен шектелген, дөңестері мен ойықтары жоқ тегіс тік бетке бекітіледі және онымен қозғалады, ұстап тұру үшін вакуумды, қозғалыс үшін жетекті және тазалау үшін жуғыш майлықтарды пайдаланады. Ол траекторияны өз бетінше таңдайды, кір мен саңылауларды жояды және қашықтан басқару пультінен немесе Polaris IQ Home мобильді қосымшасы арқылы басқарылады, бұл пайдаланушының қауіпсіздігі мен уақытын үнемдейді.

Аспаптың сыртқы жағы



Аспаптың теріс жағы



Аспап жұмысының индикаторлары

○○○

ҚЫЗҒЫЛ САРЫ

→ ЗАРЯДТАЛУДА

ЖАСЫЛ

→ ЗАРЯДТАУ АЯҚТАЛДЫ

КӨГІЛДІР

→ ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС РЕЖИМІ

ҚЫЗЫЛ

→ ЖҰМЫС ҚАТЕЛІГІ


РОБОТ-ЖУҒЫШТЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ

36

ЖАСЫЛ /ҚЫЗҒЫЛТАР САРЫ	АСПАПТЫҢ ЖАҒДАЙЫ
ЖАСЫЛ (жанып тұр)	Зарядтау аяқталды
ҚЫЗҒЫЛТАР САРЫ (жанып тұр)	Зарядталып жатыр

АҚ	АСПАПТЫҢ ЖАҒДАЙЫ
АҚ (жанады)	Аспап WIFI желісіне қосылған
АҚ (жанбайлы)	WIFI қосылмаған
АҚ (жыпылықтайды)	WIFI желісіне қосылу
КӨК ЖӘНЕ АҚ (жыпылықтаушы)	Аспаптың ақауы/ пәрменнің қателігі/электр қуатының өшірілуі (роботты мүмкіндігінше тезірек жер бетінен алу қажет)

КӨГІЛДІР	АСПАПТЫҢ ЖАҒДАЙЫ
КӨК (пульсирлеуші)	Сұйықтықты автоматты бүрку қосылған
КӨК (жанып тұр)	Сұйықтықты автоматты түрде бүрку өшірілген/ бетке бекіту үшін жеткілікті вакуум деңгейі
КӨК (жыпылықтаушы)	Резервуардағы сұйықтық деңгейі төмен / вакуум деңгейі бетке бекітуге жеткіліксіз



ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ

- Қашықтан басқару пультінің батареяларын қайта зарядтамаңыз, оларды бөлшектемеңіз және отқа тастамаңыз – бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Бірдей сипаттамадағы AAA/RL типті батареяларды пайдаланыңыз. Әртүрлі типтегі батареяларды пайдаланбаңыз – тұтану қаупі бар. Батареяларды орнату және шығару кезінде қашықтан басқару құралының қақпағын төмен жылжытып, батарея бөлімшесінің қақпағын ашып, батареяларды орнатыңыз немесе алып тастаңыз.
- Батареяларды орнату кезінде, алдымен теріс полюсті серіппенің бір ұшына сәйкестендіріп, оны басыңыз (батареяны кері орнатуға болмайды), содан кейін батарея бөлігінің қақпағын жабыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жаңа және ескі батареяларды немесе әртүрлі модельдер мен түрлерді араластырмаңыз.



ТҮЙМЕ	МӘНІ
	Автоматты түрде тазарту режимі
	Z-траектория бойынша автоматты түрде тазалау режимі
	N-траектория бойынша автоматты түрде тазалау режимі
	Сұйықтықты автоматты бүрку (қосу/өшіру)
	Сұйықтықты қолмен бүрку
	ЖОҒАРЫҒА қолмен жылжыту
	ТӨМЕНГЕ қолмен жылжыту
	СОЛҒА қолмен жылжыту
	ОҢҒА қолмен жылжыту
OK	СТАРТ / КІДІРІС

Ескертпе. Тазалау режимдерінің сипаттамасын "Тазалау режимдері" бөлімінен қараңыз.

ҚҰРАЛДЫҢ ҚАПТАМАСЫН АШУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ


- Қорапты ашып, құрылғыны абайлап шығарып, оны барлық қаптама материалдардан босатыңыз.
- Жеткізілім жиынтығын тексеріңіз ("Жиынтықтау" бөлімін қараңыз).
- Барлық аксессуарлар мен зарядтау құралын алып тастаңыз.
- Барлық бөлшектердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

ЖЕЛІГЕ ҚОСУ

- Тұрақты тоқтың қуат кабелін аспаптың қоректендіру ұясына қосып, оны қатайтыңыз.
- Айнымалы тоқтың қуат кабелін адаптерге қосыңыз.
- Қорек баусымының штекерін аспапқа жалғаңыз, бұrandаны сағат тілімен соңына дейін бұраңыз. Қажет болған жағдайда, жиынтықтағы қуат сымның ұзартқышын пайдаланыңыз.
- Қуат кабелін розеткаға қосыңыз.
- Желіге қосылғаннан кейін сол жақтағы "қызыл сары" индикатор жанады, бұл аккумулятордың зарядталып жатқанын білдіреді.
- Аспап толық зарядталғаннан кейін индикатор "жасыл" түске ауысады. Толық қуаттауға 3-4 сағат кетуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Роботты пайдаланудан бұрын, егер резервтік аккумулятор разрядталған болса, оны толық зарядтаңыз (толық зарядталған кезде сол жақ индикатор жасыл түспен жанады).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Металл заттармен зарядтау баусымының түйіспелерін өзара түйықтауға қатаң тыйым салынады!


Кіріктірілген резервтік аккумулятор электр қуаты өшкен жағдайда роботтың құлап кетпеуіне мүмкіндік береді, бұл вакуумдық сорғының жұмысын қолдайды. Робот толық зарядталған аккумуляторда 30 минутқа дейін жұмыс істеп, дыбыстық сигнал береді. Роботты тазалау кезінде қараусыз қалдыруға болмайды. Пайдаланушы мүмкіндігінше тезірек аспапты желіге қосу немесе құлап кетпеу үшін, аспапты беттен алып тастауы керек.

САҚТАНДЫРУ СЫМАРҚАНЫН БЕКІТУ


- Арқанның зақымдалмағанына және роботқа қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Жұмысқа кірісуден бұрын, қауіпсіздік сымарқанын бөлмедегі тұрақты затқа міндетті түрде карабинмен байлап бекітіңіз.




Назарыңызды аударамыз! Балконсыз шыны есіктер мен терезелер үшін айналадағыларға және басқа да форс-мажорлық жағдайларға зақым келтірмеу үшін қауіп туралы ескертуді орналастыру қажет.



Арқанның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз



Сымарқанды аспапқа жалғаңыз






Қауіпсіздік сымарқанын карабинмен бекітіңіз

ТАЗАЛАУ МАЙЛЫҒЫН ОРНАТУ

- Роботтың корпусын төңкеріп, тегіс жерге қойыңыз (аспап өшірулі болуы тиіс).
- Тазалау майлығын құрылғының төменгі бөлігіне дұрыс бекітіңіз, оның жетекті және құлау датчиктерін бұғаттамайтынына көз жеткізіңіз
- Тазалау сулықтарын орнатқанда оның жиегін құрылғы корпусының төменгі жиегімен теңестіріп орналастырыңыз; сулықты толықтай суламаңыз және құрылғының төрт бұрышында орналасқан құлаудан қорғайтын датчиктерді жаппаңыз.



Назар аударыңыз! Құрастыру кезінде артық күш жұмсамаңыз, себебі корпустың барлық бөліктері пластиктен жасалған және бір-біріне дәл келтірілген.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты роботтың вакуумдық бекітілуін қамтамасыз етпейтін тегіс емес беттерде, сулықсыз немесе түпнұсқа емес, қатты ластанған не бүлінген сулықтармен, сондай-ақ түпнұсқа емес сыммен және қорек блогымен пайдалануға қатаң тыйым салынады!

СУ ҚОСУ

1. Аспапты желіден ажыратыңыз.
2. Роботты төңкеріңіз.
3. Силиконды тығынды ашып, тазартылған кальцийсіздендірілген суды (80 мл-ден көп емес) құты-дозатордың көмегімен су резервуарына құйыңыз. Резервуардағы ауа қысымының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін резервуарды 80%-дан артық толтырмаңыз.




Тек тазартылған, кальцийсіздендірілген сүзілген суды пайдаланыңыз. СУ САҚТАҒЫШҚА ЖУУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОСПАҢЫЗ.

4. Тұрақты қысымды сақтау үшін суға арналған бакты 80%-дан асырмай толтырыңыз.
5. Жапқышты мықтап жауып, тазалайтын майлықты орнына қойыңыз
6. Корпустағы артық суды сүртіп алыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сұйықтығы бар аспапты бакта сақтамаңыз, жұмыс аяқталғаннан кейін оны міндетті түрде төгіңіз.



СУДЫҢ ҚАТТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫС!



Қаттылық деңгейі жоғары суды пайдалану тауар компонентіндегі су беру жиклерлерінің суда еріген тұздардың шөгінділерімен және қоспалармен ластануына әкеп соғуы мүмкін. Бұл тауардың өндірістік кемшілігі болып табылмайды.



Өндіруші қоспасыз ЖҰМСАРТЫЛҒАН ТАЗАЛАНҒАН СУДЫ пайдалануды немесе жиклерлердің тесігін тұрақты тазалап тұруды ұсынады.



Су беру жиклерлері шөгінділермен бітеліп қалған жағдайда тұтынушы:



Жиклер тесіктерін шөгінділерден тазарту үшін немесе ластанған компоненттің орнына жаңа компонентті сатып алу үшін, Polaris ACO-на немесе үшінші жақтың білікті маманына хабарласыңыз.

БЕТТІ ДАЙЫНДАУ ТАЗАЛАУ ҮШІН

- Роботты іске қосар алдында, тазалау аймағындағы кедергі келтіретін заттарды, жапсырмаларды, кедергілерді, мысалы, көшедеге градус өлшегіштерді жылжытыңыз.
- Тазартылатын беттің зақымдалмағанына және кедір-бұдырсыздығына көз жеткізіңіз. Кері жағдайда вакуум деңгейі жеткіліксіз болады.
- Бетіндегі ірі ластануларды жою үшін, бірінші рет іске қосу құрғақ тазалау режимінде болуы керек, құрғақ тазалау үшін пультпен автоматты шашырату режимін өшіріңіз ("ҚБ пульті" бөлімін қараңыз).
- Құрғақ тазалаудың бірінші кезеңінде сұйықтықты бетке немесе тазалау майлығына шашыратпаңыз. Сұйықтық беткі қабаттағы шаң-тозаң мен құмға араласып, лас іздер қалдыруы мүмкін, бұл тазалау процесін қиындатады.
- Робот тазалай алатын терезенің ең кіші өлшемі: 40 x 40 см.

ЖҰМЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

- Аспапты желіге қосыңыз.
- Аспапты екі жағынан тасымалдауға арналған шұңқырлардан ұстап, майлықпен шыныға жақтаудан шамамен 80 мм қашықтықта басып, қысып ұстаңыз.
- Құралды қосу үшін ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз 
- Желдеткіштің іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Роботтың жұмыс бетіне нық бекітілгеніне көз жеткізіп, содан кейін оны босатыңыз. Индикатор қызғылт сары/жасыл болып жанады.
- Роботты іске қосу түймесін басып, тазалау режиміне өтіңіз. Сондай-ақ құрылғыны Polaris IQ Home мобильді қосымшасы арқылы ("WIFI желісіне қосылуды баптау" бөлімін қараңыз) немесе ҚБ пультінің көмегімен (келесі бөлімді қараңыз) басқара аласыз.



ТАЗАЛАУ РЕЖИМДЕРІ

Z/N

ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ РЕЖИМДЕР

N

Z

- Терезені тазалау үшін қашықтан басқару пультіндегі үш тазалау режимінің бірін таңдаңыз.
- Z (көлденең режим), N (тік режим), Z/N (мұқият тазалау режимі, көлденең және тігінен)






ТҰРАҚТЫ НҮКТЕЛІ ТАЗАЛАУ РЕЖИМІ

а) Роботты тазалаудың негізгі жағдайына ауыстыру үшін, қашықтан басқару пультіңдегі жоғарғы, төменгі, сол және оң бағыттағы түймелерді басыңыз.

б) Нүктелік тазалау режиміне өту үшін қашықтан басқару пультіңдегі ОК түймесін басып, 2 секунд ұстап тұрыңыз.





СУ БҮРКІ РЕЖИМДЕРІ: АВТО/ҚОЛМЕН

44

Құрылғының жоғарғы және төменгі бөліктерінде суды бүркуге арналған бүріккіштер бар. Аспап қозғалған кезде, судың шашырауы қозғалыс бағытына қарай қосылады.

1. СУДЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БҮРКУ



- Аспапты тазалай бастағанда, автоматты түрде су бүрку режимі үзілісті режиммен үнсіз күйде қосылады.
- ҚБ пультіндегі "AU" түймесін басқан кезде, аспап дауыстық хабарламамен суды автоматты бүрку режимінің өшірілгені туралы хабарлайды.
- ҚБ пультіндегі "AU" түймесін қайта басу кезінде аспап дауыстық хабарламамен автоматты су бүрку режимінің қосылғаны туралы хабарлайды.

2. СУДЫ ҚОЛМЕН БҮРКУ


Тазалау кезінде ҚБ пультіндегі суды



қолмен бүрку түймесін басып, 1 рет бүркіз.



Автоматты түрде бүрку




Аспапты іске қосыңыз

ҚОСУ/ӨШІРУ үшін "AU" басыңыз

1 сигнал – ҚОСУ
2 сигнал – ӨШІРУ

Қолмен бүрку



Аспапты іске қосыңыз

ҚОСУ/ӨШІРУ үшін "AU" басыңыз

Аспап суды 1 рет шашады

ПАЙДАЛАНУ

- Су резервуарын іске қосар алдында, оның силикон қақпағының тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Роботты беткі қабатқа бекіткеннен кейін, беткі қабаттан шаңды кетіру үшін, роботты құрғақ тазалау режимінде іске қосыңыз (пультпен іске қосқаннан кейін автоматты бүрку режимін "AU" түймесімен өшіріп).
- Роботты іске қосу роботтағы ҚОСУ / ӨШІРУ түймесін немесе пульттегі ОК түймесін бір рет басу арқылы жүзеге асырылады.
- Тазалаудың бірінші кезеңі аяқталғаннан кейін, майлықты тазасына ауыстырып, роботты қайтадан, бірақ ылғал тазалау режимінде іске қосыңыз. Суды автоматты түрде бүрку режимі әдепкі бойынша қосылады. Егер ол сөндірілген болса, бүркүді қосу үшін ҚБ пультіндегі "AU" түймесін бір рет басыңыз.
- Тозаңдату робот-жуушы қозғалатын жақтан болады. Аспапта суды бүркуге арналған барлығы 4 бүркікші бар, әр жағында 2-ден. Егер робот сол жаққа қарай қозғалса, онда судың шашырауы сол жақтан болады. Егер робот оңға қарай қозғалса, онда су оң жақтан шашырайды.
- Судың шашырауы үзік-үзік және роботтың әр 2-3 қадамында орын алады.
- Тазалаудың екінші кезеңі аяқталғанда, сұйықтықтың автоматты шашырауын өшіру үшін, ҚБ пультіндегі "AU" түймесін бір рет басыңыз. Робот режимнің өшірілгені туралы дауыстық хабарлама шығарады.
- Автоматты бүрку режимі өшірілген кезде, сұйықтықты қолмен бүрку үшін сұйықтықты бір реттік бүрку үшін түймені бір рет басыңыз. 



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр желісіне қосылмаған робот ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басқан кезде қосылмайды, бұл қалыпты жағдай.



Силикон тығынды жабыңыз



Роботты бетіне бекітіңіз



Роботты іске қосу / ӨШІРУ түймесін бір рет басу арқылы жүзеге асырылады



Роботты құрғақ тазалау режимінде іске қосыңыз (шашыратуды өшіру үшін пульттегі AU түймесін басыңыз)



Аспап құрғақ тазалауды жүзеге асырады



Роботты ылғалды тазалау режимінде іске қосыңыз (шашыратуды қосу үшін пульттегі AU түймесін басыңыз)



Қажет болған жағдайда, суды қолмен бүркіңіз

РЕЗЕРВТІК АКБ, ҚОРЕКТІҢ ІСТЕН ШЫҒУЫ

Электр қуаты өшкен жағдайда робот орнатылған резервтік аккумуляторға ауысады, ол 30-40 минутқа жетеді (толық зарядталған кезде).

- Қуат көзі өшірілген жағдайда, робот орнында қалады және алға жылжи алмайды.
- Ортаңғы және оң жақ индикаторлар жыпылықтай бастайды және қуат көзін қосу қажеттілігі туралы ескерту дыбыстық хабарламасы тұрақты естіледі. Роботтың қуат көзінен ажырауы салдарынан құлауын болдырмау үшін, оны терезеден тезірек алып тастаңыз.
- Егер робот қол жетпейтін жерде тоқтап қалса, сақтандыру арқанын қолдана отырып, құрылғыны абайлап тартыңыз. Бұл ретте аспаптың құлауын болдырмау үшін тросты әйнекке мүмкіндігінше жақын ұстаңыз.

ЖҰМЫСТЫҢ АЯҚТАЛУЫ

- Жұмыс аяқталғаннан кейін аспап шамамен тазалауды бастаған жерде өздігінен тоқтайды.
- Егер робот барлық бетті жүріп өтіп, тазалауды аяқтамай, төмен қарай қозғала берсе, оны ҚБ пультімен тоқтатыңыз.
- Роботты беткі қабаттан алу үшін бір қолмен құрылғыны тұтқадан ұстап тұрыңыз, екінші қолмен қуат көзін өшіріңіз (Қосу/Өшіру түймесін 2 секунд басып тұрыңыз).
- Егер сіз аспапқа қол жеткізе алмасаңыз, пультті пайдаланыңыз немесе аспапты сақтандыру сымарқанынан ақырын тартыңыз (роботтың құлап кетуіне жол бермеу үшін, сымарқанды мүмкіндігінше терезеге жақындатыңыз).
- Роботты тазаланатын беттен алғаннан кейін, оны металл емес қатты бетке қойып, содан кейін қорек блогын желіден ажыратыңыз, содан кейін сағат тіліне қарсы бұрандалы қосылысты бұрап, қорек баусымын роботтан ажыратыңыз.
- Сақтандырығыш сымарқанды ажыратыңыз.
- Майлықты алып тастап, оны жуыңыз ("Тазалайтын майлықтар күтімі" бөлімін қараңыз).
- Майлықтарды жуғаннан кейін, сақтау алдында кептіріңіз.




Аспапты қолмен ұстаңыз




Өшіру үшін -
ҚОСУ/ӨШІРУ
түймесін 2 секунд
басып тұрыңыз



Аспапты
терезеден алыңыз



Желіден
ажыратыңыз



Сақтандырығыш
арқанды
ажыратыңыз



Қалған суды төгіп
тастаңыз



Желдеткіш пен
корпусты құрғақ
матамен сүртіңіз

WIFI ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛУДЫ БАПТАУ

Байланысты орнатудан бұрын телефоныңыздың үйдегі қолжетімді WIFI желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Үй WIFI желісі болмаған жағдайда, үй желісін құру (роутер орнату және интернет қосу) үшін мамандандырылған компанияға хабарласыңыз. Үй желісінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеуі керек, желі режимі 802.11 b/g/n орнатылуы тиіс.

Байланысты қайтадан баптаңыз.



Маңызды! Егер қосымша Сізге мұны жасауды ұсынса, әрқашан аспаптың бағдарламалық жасақтамасын жаңартуды жүктеп алыңыз.

Қосымшаға барлық сұралған рұқсаттарды беріңіз – кері жағдайда кейбір функциялар қолжетімсіз болуы мүмкін.

Аспапты қолданбаға алғаш рет қосқан кезде, VPN және жарнаманы бұғаттаушыларды (мысалы, AdGuard) өшіру қажет. Қосылу процедурасы аяқталғаннан кейін, оларды қайта қосуға болады.

IOS және Android ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАР ТЕЛЕФОНДАР ҮШІН

Жаңа құрылғы конфигурациясы:

- "Үй" экраны: "Құрылғыны қосу" түймесін басыңыз.
- Техника санатында "Робот-тере жуғыштар" таңдаңыз, ашылған тізімнен құрылғыны таңдаңыз (PRWC-3004).
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Қолданбада "PRWC-3004" WIFI желісіне қосылу сұранысы пайда болады, "Қосу" түймесін басыңыз.
- Келесі экранда сізден Құрылғымен жұптастыру сұралады:
 1. Қосу түймесін 3 рет бас. Сәтті белсендіру "WIFI-ге қосылу" дауыстық сөзімен, сондай-ақ WIFI индикаторының жылдам жыпылықтауымен расталады.
 2. Содан кейін қосымшада "Жалғастыру" түймесін басыңыз
- Қолжетімді WIFI желілері бар экран пайда болады. Қалаған желіңізді таңдап, құрылғыны орнатқыңыз келетін Wi-Fi желісінің паролін енгізіңіз және "Одан әрі" түймесін басыңыз
- Конфигурациялау процедурасының аяқталуын күтіңіз.
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Егер жұптаспаса, кофе қайнатқышты зауыттық параметрлерге қайтарыңыз (төмендегі сипаттаманы қараңыз). Қосуды қайта баптаңыз.



Бұрын конфигурацияланған құрылғыны жұптау

- "Үй" экраны: "Құрылғыны қосу" түймесін басыңыз.
- "Сіздің жаныңызда" тізімінде құрылғыны (PRWC-3004) таңдаңыз (Егер құрылғы желіде болмаса - мобильді құрылғының құрылғы конфигурацияланған WiFi желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз).
- Келесі экранда сізден Құрылғымен жұптастыру сұралады:
 1. қосу түймесін 3 рет басыңыз. Сәтті белсендіру "WiFi-ге қосылу" дауыстық сөзімен, сондай-ақ WiFi индикаторының жылдам жыпылықтауымен расталады.
 2. Содан кейін қолданбада "Жалғастыру" түймесін басыңыз.


Құрылғыны басқа WIFI желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалық режим):

- "Үй" экранында "Жаңа құрылғы" түймесін басыңыз.
- Техника санатында "Робот-терезе жуғыштарды" таңдаңыз, ашылған тізімнен құрылғыны (PRWC-3007) таңдаңыз
- «Жалғастыру» басыңыз
- Қосымшада "PRWC-3004" WIFI желісіне қосылу сұранысы пайда болады, "Қосу" түймесін басыңыз
- Келесі экранда сізден Құрылғымен жұптастыру сұралады:
 1. Қосу түймесін 3 рет басыңыз. Сәтті белсендіру "WIFI-ге қосылу" дауыстық сөзімен расталады, WIFI индикаторы жылдам жыпылықтай бастағанша 10 секунд күтіңіз.
 2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
- Ашылған экранда қажетті әрекетті таңдаңыз: "Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру" - бұл жағдайда құрылғы ағымдағы WIFI желісіне конфигурацияланған күйінде қалады, бірақ сіздің телефоныңыз оны интернет желісі арқылы басқара алады немесе "Құрылғыны қайта конфигурациялау" - бұл жағдайда сізге құрылғыны жаңа WIFI желісіне қайта конфигурациялау ұсынылады.
- Егер сіз "құрылғыны қайта конфигурациялауды" таңдасаңыз: құрылғыны орнатқыңыз келетін WIFI желісінің атауы мен құпия сөзін көрсетіп, "Қосуды" басыңыз.
- Конфигурациялау процедурасының аяқталуын күтіңіз.
- «Жалғастыру» басыңыз.

АСПАПТЫ WIFI ЗАУЫТТЫҚ БАПТАУЛАРЫНА ҚАЙТАРУ

Қосу түймесін 6 рет басыңыз.

Сәтті белсендіру "WIFI баптауларын қалпына келтіру" дауыстық сөзімен расталады, содан кейін WIFI индикаторы өшеді.



ҚОЛДАНБАДА ҚОЛЖЕТІМДІ АСПАПТЫҢ ФУНКЦИОНАЛЫ



Назар аударыңыз! Жұмысты бастау алдында аспапты желіге қосыңыз, терезеге бекітіңіз және қосу түймесін 2 секунд ұстап тұрыңыз.

1. **Джойстик:** қозғалыс бағытын қашықтықтан басқару.
2. **Батарея қуатының индикациясы**
3. **Сұйықтықтың шашырауын реттеу:** авто немесе қолмен басқару. Қолмен – роботтың терезеге су жібермеуі, құрғақ тазалауды жүргізу үшін пайдаланылады.
4. **Жұмыс режимдері:**
 - **Көлденең тазалау** – жұмыс режимі, онда робот-жуушы алдымен көлденең тазалауды бастайды, содан кейін біртіндеп тік траекторияға ауысады.
 - **Тігінен тазалау** – жұмыс режимі, онда робот-жуушы алдымен тігінен тазалауды бастайды, содан кейін біртіндеп көлденең траекторияға өтеді.
 - **Мұқият тазалау** – терезе жуушы робот бетті көлденеңінен және тігінен бір-біріне қарама-қарсы етіп тазалайтын қарқынды тазалау.
 - **Нүктелік тазалау** – жергілікті аумақты тазалау
5. **Функциялары:**
 - **Сұйықтықты мәжбүрлі бүрку түймесі** – робот суды бір рет бүркүі үшін басыңыз.
 - **Дыбыссыз** – дауыстық хабарландыруларды қосу/өшіру.
 - **Дауыс пакеттерін ауыстыру** – Орыс/Ағылшын
 - **Ескертулер** – аспап жұмысының барысында туындаған мәселелер туралы хабарламалар

Аспапқа қол жеткізу рұқсаттарын бақылау

Құқықтарды бақылауды белсендіру үшін, Сіз қосымшадағы құрылғы бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау белгісін ("жұлдызша") басып, "Құқықтарды бақылау" тармағын таңдап, "Құқықтарды бақылауды қосу" қосқышын "Қосулы" күйіне ауыстыруыңыз керек. Содан кейін Сіз автоматты түрде құрылғыға толық қолжетімділік құқығы бар құрылғының әкімшісі боласыз, қалған барлық пайдаланушылар "Қарау" қолжетімділік деңгейін алады.

Сіз әр пайдаланушы үшін жеке қолжетімділік деңгейін белгілей аласыз. Аспапта құқықтарды бақылау функциясын іске қосқаннан кейін оған қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар "Қарау" рұқсатын алады және сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқықтарын бергенге дейін аспапты басқара алмайды.

Құрылғымен бөлісу мүмкіндігі

Polaris IQ Home қолданбасын орнатқан кез келген адаммен құрылғыңызды басқаруды жай ғана бөлісе аласыз. Ол үшін Сізге қосымшадағы құрылғы бетіне кіріп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы баптау белгісін ("жұлдызша") басып, "Құқықтарды бақылау" тармағын таңдап, жоғарғы оң жақ бұрыштағы "Бөлісу" белгісін басу қажет. Осыдан кейін экранда осы құрылғының QR кодын көресіз.

Қабылдаушы тарап осы QR-кодты сканерлеу үшін қолданбаның басты экранындағы "Жаңа құрылғы" түймесін басып, пайда болған терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасын басуы керек. Содан кейін телефонның камерасын жіберуші тарап ұсынған QR-кодқа бағыттап, жүйенің нұсқауларын орындау қажет.

QR-кодты кез келген ыңғайлы тәсілмен беруге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR коды аспапта Reset режимі іске қосылғанға дейін өзгеріссіз қалады. Қалпына келтіргеннен кейін ескі QR-код жарамсыз болады.

Қолдау қызметіне хабарласу

"Профиль/Қолдау" мәзіріне кіріп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы жаңа хабарлама белгішесін басыңыз – қолдау чаты ашылады. Мәселелеріңізді сипаттап, скриншоттар мен бейнелерді тіркеңіз. Қолдау қызметінің мамандары Сізге бәрін түсінуге көмектеседі.

Қосылыс жағдайы мониторингі

Аспаптың баптауларында тиісті түймені басу арқылы желінің барлық учаскелерінде қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу және қосымша баптаулар жүргізу үшін әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.



WIFI ҚОСЫЛЫСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫН СИПАТТАУ

МӘСЕЛЕ	СЕБЕБІ	ЖОЮ ТӘСІЛІ
Робота көк индикатор жанып тұр	Робот маршрутизаторға қосылған, бірақ желіге қосыла алмайды	- Бағыттаушының желіге қосылғанын тексеріңіз. - Желіге қосылу мәселесі бар-жоғын білу үшін байланыс операторына хабарласыңыз.
Роботтағы көк индикатор тез жыпылықтайды	Робот сымсыз маршрутизаторға қосыла алмайды	- Желі атауы мен парольдің өзгермегенін тексеріңіз. - Қажет болған жағдайда, WIFI-байланысты, роутерді қайта іске қосыңыз.
Роботтағы көк индикатор баяу жыпылықтайды	WIFI-ге қосылу қалпына келтірілді немесе бұрын орнатылмаған	- Роботпен WIFI байланысын орнатыңыз. - Қажет болған жағдайда, WIFI байланысын қайта іске қосыңыз.
Құрылғы WIFI роутеріне қосыла алмайды	1. Қосылу үдерісінде іркіліс болады	a) Сіздің аспабыңыз қолданбада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қолданбаның басты мәзірінде «Аспапты қосу» түймесін басыңыз және «барлық аспаптар» тізімін ашыңыз; b) Роутеріңіздің 2,4 МГц жиілікте, 802.11 b/g/n желісі режимінде жұмыс істеп тұрғанына, желі атауында орыс әріптері мен қызметтік таңбалардың (%/? және т.б.) жоқтығына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз; c) Роутеріңіздің кіріс қосылыстарына қосымша шектеулер қоймағанына көз жеткізіңіз (мысалы, тек көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу). Роутерді баптау үшін роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз. d) Сізге бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз; e) Бірінші рет қосылғанда, телефоныңызда VPN және орнатылған болса, жарнаманы бұғаттаушыларды өшіріңіз. Егер сізде Iphone болса, баптаулар/Bluetooth мәзіріне кіріп, триггерді "өшірілген" күйіне ауыстырыңыз. Мұны экранда созылатын "пердеде" емес, баптауларда жасау маңызды. Қосылғаннан кейін барлық аталған бағдарламалар мен режимдерді қайта қосуға болады. f) Бағдарламаны телефон жадынан жүктеп алып, қайта іске қосыңыз: телефондағы ашық қосымшалар тізімін ашып, Palaris IQHome бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай сырғытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайта іске қосып, қосу процесін қайталаңыз; g) Қосымшаға сұраған барлық рұқсаттарды беру керек. h) Аспаптың диагностикалау режимін іске қосыңыз – Пайдаланушы нұсқаулығындағы "Қосылуды баптау" бөліміне жүгініңіз; i) Аспаптың баптауларын қалпына келтіріңіз (Reset) - Пайдаланушы нұсқаулығындағы "Қосылуды баптау" бөлімін қараңыз
Құрылғы WIFI роутеріне қосыла алмайды	2. Қосылу сәтті жүргізілді, аспап қосымшадағы аспаптар тізімінде пайда болды, бірақ оны басқару қолжетімсіз.	Телефоныңыздың WIFI желісіне қайта қосылғанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін телефон баптауларының WIFI бөлімін ашыңыз және қажет болған жағдайда WIFI желіңізге қолмен қосылыңыз.
Құрылғы WIFI роутеріне қосыла алмайды	3. Аспап сәтті қосылды, бірақ күтпеген жерден қосымшадағы командаларға жауап беруді тоқтатты.	Құрал бетіне кіріп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы жұлдызшаны басыңыз. Әрі қарай "Қосылысты диагностикалау" бөлімінде диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Қызыл желі бөлігінің жанындағы леп белгісін басып, интерактивті көмекшінің нұсқауларын орындаңыз



Мәселеңізге жауап таппадыңыз ба?


Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе қолданбадағы пайдаланушы профилінде немесе сенім телефоны арқылы қолдау қызметіне хабарласыңыз

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

ТАЗАЛАУ МАЙЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮТІМІ

Тазалау майлықтарын жуғыш заты бар сүмен жуыңыз, таза суда шайыңыз, табиғи тәсілмен кептіріңіз (қыздырмай).

- Қолмен немесе машинамен 30-40°C-та жуу ұсынылады.
- Ағартуға болмайды.
- 40 °C-ден жоғары температурада кептіруге болмайды.
- Үтіктеуге болмайды.
- Химиялық тазалауға тыйым салынады.




ЖЕТЕКТЕРДІ ТАЗАЛАУ

Аспаптың корпусын төңкеріп, оны көлденеңінен жетектерімен жоғары қаратып қойыңыз.


Жұмыс тәртібі:

- Аспап қуат көзіне қосылған. (Робот іске қосылмауы тиіс).
- Қашықтан басқару пультіндегі айналмалы түймені басып тұрып, аспапты жетектердің айналу режиміне ауыстырыңыз. Түймені босатыңыз.
- Айналмалы жетектердің бетіндегі шаң мен басқа да кірлерді алдын ала сығымдалған, сәл ылғалды шүберекпен сүртіңіз.
- Жетектердің айналу режимінен шығу үшін роботтың бір жағын көтеріңіз.




ҚҰЛАП ТҮСУГЕ ҚАРСЫ ДАТЧИКТЕР КҮТІМІ

аспапты аударып, тегіс жерге қойыңыз, содан кейін роботтың құлаудан қорғайтын 4 датчигінен шаң мен басқа да кірлерді таза шүберекпен сүртіңіз.



СУ ШАШЫРАТУҒА АРНАЛҒАН БҮРІККІШТЕРДІ ТАЗАЛАУ

- а) Шашырату бүріккіштерінің шүмектерін таза жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
- б) Су резервуарындағы судың бар-жоғын тексеріп, қосылған судың таза және қоспасыз екеніне көз жеткізіңіз.
- в) Ауа қысымын тұрақты ұстап тұру үшін, суға арналған резервуарды толық толтырмаңыз (80% жеткілікті).



АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ

1. **Тазалау майлығын бірінші рет қолданғанда (әсіресе, сыртқы терезе әйнегінің ластанған ортасында), робот баяу жұмыс істеуі мүмкін.**
 - A. Тазалау майлығына немесе тазаланатын шыны бетке біраз суды біркелкі бүркіңіз.
 - B. Тазалайтын майлық суланып, сығылғаннан кейін оны аспапқа орнатыңыз.
2. **Жұмыстың басында робот өзін-өзі тестілейді. Егер майлық бірқалыпты жұмыс істемесе және ескерту дыбысы шықса, бұл үйкелістің тым үлкен немесе тым кішкентай екенін білдіреді:**
 - A. Тазалау майлығы ластанған.
 - B. Шыныда кез келген жапсырмалар болған кезде, үйкеліс тиімділігі салыстырмалы түрде төмен, сондықтан роботты жапсырмалары бар шыныларда қолдануға болмайды.
 - C. Тым таза шыны тым тайғақ болады.
 - D. Ылғалдылық тым төмен болса (кондиционері бар бөлмеде), әйнек бірнеше рет сүртілгеннен кейін тым тайғақ болады.
3. **Аспап терезелерді толық тазалай алмайды, бірақ уақытынан бұрын тазалауды аяқтайды:**
 Аяқталмаған бөлімді жалғастыру үшін автоматты терезе тазалау режимін басуыңызға болады. 
4. **Сырғанаудың және көтерілу кезінде көтеріле алмаудың ықтимал себептері:**
 - A. Үйкеліс тым аз. Жапсырмалардың, жылу оқшаулағыш немесе тұманға қарсы жапсырмалардың үйкеліс коэффициенті салыстырмалы түрде төмен.
 - B. Майлық тым дымқыл. Шыны өте таза болғанда, ол тым тайғақ болады.
 - C. Ылғалдылық тым төмен болса (кондиционері бар бөлмеде), әйнек бірнеше рет сүрткеннен кейін де тым тайғақ болады.
 - D. Аспапты іске қосқан кезде қателіктерді болдырмау үшін, роботты терезе жақтауынан алшақ орналастырыңыз.
5. **Тазартқаннан кейін шыны бетінде айғыздар мен іздер қалып қояды:**
 Өте кір майлық. Оны таза майлықпен ауыстырып, тағы бір рет тазалаңыз.

6. Робот тұрақсыз жұмыс істейді. Ықтимал себептері:

A. Майлық тым лас. Оны ауыстырыңыз.

B. Шынының бетінде әртүрлі учаскелер болады (шыны, жапсырма, термооқшаулағыш жапсырма немесе тұманға қарсы жапсырма). Роботты тек бір аумақта пайдаланыңыз.

7. Робот қуат көзінің істен шыққаны туралы ескерткенде, не істеу керек:

A. Сақтандырғыш арқанды абайлап артқа тартып, роботты жоғары көтеріңіз; арқанды тартқан кезде құлап кетпеу үшін ол әйнекке барынша жақын болуы тиіс.

B. Роботты өшіріңіз.

C. Қуат сымының нашар байланысын немесе үзілуін тексеріңіз.

8. Робот белгісіз кедергілерге кездескенде тоқтайды, ал ескерту сигналы жоқ. Оны қалай түзетуге болады:

A. Қашықтан басқару пульті арқылы роботты қауіпсіз жағдайға қайтарыңыз немесе сақтандыру арқанын роботқа қарай ақырын тартыңыз.

Сақтандырғыш арқанды тартқан кезде, ол құлап кетпеуі үшін мүмкіндігінше әйнекке жақын тұруы тиіс.

B. Терезеден кедергілерді алып тастаңыз.

C. Ауаның ағып кету себебі жоқ па, соны тексеріңіз.

9. Жылтыратылған әйнекте түнгі жарық кезінде іздер пайда болады:

Бірінші рет су бүрку функциясын өшіріп, құм мен басқа да кірлерді кетіру үшін таза майлықты пайдаланыңыз.

Екінші рет майлықты таза майлыққа ауыстырыңыз, су бүрку функциясын қосыңыз немесе майлыққа аздап жуғыш зат немесе спирт себіңіз (1 немесе 2 рет басу), ол толық су болмауы керек, бұл іздерді жоюы мүмкін.

10. Робот барлық терезелерді жуды, бірақ автоматты түрде тоқтай алмайды:

Жұмысты тоқтату үшін ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз.

11. Робот суды бүрікпейді:

A. Су бүрку функциясының қосылғанын тексеріңіз.

B. Ультрадыбыстық бүріккіштерді таза жұмсақ құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

C. Су резервуарындағы судың бар-жоғын тексеріңіз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ТАЛАПТАРЫ



Электр аспаптарын көліктің барлық түрлерімен көліктің нақты түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдайды. Аспапты тасымалдау кезінде түпнұсқа зауыттық қаптаманы пайдаланыңыз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны ары қарай кәдеге жарату үшін мамандандырылған пунктке өткізіңіз. Бұл арқылы Сіз қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PRWC 3004 WIFI IQ Home – POLARIS сауда маркалы тұрмыстық электр робот*шаңсорғыш

Роботтың ені: 21,5 см.

Роботтың биіктігі: 8 см.

Роботтың ұзындығы: 22,5 см.

Қорек блогынан роботқа дейінгі кабельдің ұзындығы: ұзартқышпен 4 м.

Қорек блогынан розеткаға дейінгі кабель ұзындығы: 1,0 м.

Сақтандыру сымарқанының ұзындығы: 4 м.

Суға арналған контейнер көлемі: 0,1 л.

Аспаптың қуаты: 72 Вт.

Қуат көзі: аккумуляторлық батарея: Li-ion 650 мАсағ, 14,8 В

Резервтік АКБ зарядтау уақыты: 4 сағатқа дейін

Резервтік АКБ-дан жұмыс істеу уақыты: 30 минутқа дейін

Зарядтау-қоректендіру құрылғысы

Зарядтау-қоректендіру құрылғысының сипаттамалары:

Кіріс кернеуі: 220-240 В

Жиілігі: 50/60 Гц

Максималды жүктеме тогы: 1.5 А

Қорғау сыныбы – II

Шығыс кернеу: +24,0 В

Шығыс ток: 3,0 А

Қуаттылық 72,0 Вт

Ескерту: өзгерістер мен жақсартулардың тұрақты процесі салдарынан нұсқаулық пен бұйым арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы бұған назар аударады деп үміттенеді.

САҚТАУ

Электр аспаптары құрғақ және таза жабық үй-жайда, қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C-тан төмен емес және плюс 40°C-тан жоғары емес, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан жоғары емес және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған жағдайда сақталады.

Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарын көліктің барлық түрлерімен көліктің нақты түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдайды. Аспапты тасымалдау кезінде түпнұсқа зауыттық қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптарды тасымалдау оларға атмосфералық жауын-шашын мен агрессивті ортаның тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Әнім "Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" КО ТР 004/2011 талаптарына, сондай-ақ КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі" талаптарына сәйкестігін растау рәсімінен өтті және Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай бөлгісінмен таңбалауы.

Сәйкестік сертификаттарының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты POLARIS өнімін сатып алған жерден немесе өндірушінің уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет ету мерзімі: 3 жыл
Кепілдік мерзімі: сатып алынған күннен бастап 36 ай
Аккумулятор батареясының кепілдік мерзімі: 6 ай
Өндірілген күні: аспаптың бөлгісінде көрсетілген

Дайындаушы:
НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД
Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидоо, Цыси, Чжэцзян провинциясы, KPR
Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
Импорттаушы және РФ және Кедендік Одаққа мүше мемлекеттердегі өндірушінің уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШС, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I бөлме 13, Тел. +7 (495) 419-11-78
Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны 8-800-700-11-78
Зауытта: № 1, Чуншюань Роад, Саньтан Таун, Хэньнань Каунти, Хэньнань Сити, Хунань Провинс, ХЭНЬНАН ХУЭЙДИ ИНТЕЛЛИДЖЕНТ ТЕХНОЛОДЖИ КО., ЛТД (No. 1, Zhongquan Road, Santang Town, Hengnan County, Hengyang City, Hunan Province, China, HENGYANG HUIDI INTELLIGENT TECHNOLOGY CO.,LTD), қытай.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМELERІ

Бұйым: Тұрмыстық электр робот-терезе жуғыш
Модель: PRWC 3004 WIFI IQ Home

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы жарамды және РФ "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңына сәйкес бұйымға кепілдікті қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері "POLARIS" сауда белгісімен шығарылатын және кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) өндірушінің авторландырылған сатушыларынан сатып алынған барлық модельдерге қолданылады. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік ережелері мен талаптарына қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
2. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға тапсырғаннан кейін туындаған кемшіліктерге қолданылмайды:
 - Бұйымның ішіне химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етуден, бөгде заттардың, суықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік әрекетінің өнімдерінің түсуінен;

- Бұйымды оның тікелей мақсаты бойынша пайдаланбаудан тұратын дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын және техникалық қауіпсіздік ережелерін бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
- Құрамында минералды заттардың жоғары мөлшері бар суды пайдаланудан, жуғыш заттарды қолданудан болатын әкті шөгінділердің, су тастары мен қақтардың шөгінділері;
- Бұйымды ол үшін арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- Қалыпты пайдалану, сондай-ақ функционалдық қасиеттерге әсер етпейтін табиғи тозу: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (өзілген жерлер, сызаттар, үйкелістер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде кемпірқосақ және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынның зақымдалған жерлерінде және металдың жабылмаған учаскелерінде металдың коррозиясы;
- Әрлеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, сүзгілердің, қоқыс жинағыштардың, бөлдіктердің, шеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі басқа да бөлшектердің тозуы;
- Авторландырылған сервистік орталықтар болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеу;
- Тасымалдау кезінде бұйымның зақымдануы, оны дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында қарастырылмаған модификациялар немесе өз бетінше жөндеуге байланысты.

4. Егер бұйымда төлқұжаттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндіруші кепілдік міндеттемелерін алмайды.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін қолданылатын бұйымдарға ғана қолданылады және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарда қолданылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз! Өндіруші POLARIS өнімі адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама түрде келтірген ықтимал зиян үшін немесе егер бұл өнімді пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасқақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде орын алса, мүлікке келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

POLARIS өнімдеріне техникалық қызмет көрсетуге, сапаны тексеруге, кепілдікті және кепілдіктен кейінгі жөндеуге байланысты барлық сұрақтар бойынша жақын маңдағы авторландырылған POLARIS сервистік орталығына немесе сатушы – авторландырылған POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарын кепілдікті жөндеуді тек қана POLARIS-тің Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

"Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтардың мекенжайлары: www.polaris.ru

Кепілдікті жөндеу кезінде бұйымның сатып алынған күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды қою үшін, сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз. Мұндай құжаттарға толырылған POLARIS кепілдік талоны, Сатушының қасалық чегі немесе түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар жатады. Бұйымның сатып алынған күнін растайтын құжат ұсынылмаған жағдайда, кепілдік мерзімі бұйым жасаған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасында орналасқан төлқұжаттық сәйкестендіру тақтайшысында көрсетілген.

